

Мектеп

Оқушыларды ойын арқылы оқытсақ...

Ойын арқылы оқыту технологиясы бастауыш сыныпта көпінше қолданылады. Әр мұғалім технологияның нәтижесі дұрыс болуы үшін мынаны ескеруі қажет: әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын ала жетік түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретінін анықтау. Ойын алаңының мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талапқа сай болуы да маңызды. Сондай-ақ сыныптағы оқушылардың жасына, психологиялық ерекшелігіне, білім деңгейіне, сөздік қорына сәйкес келуі маңызды. Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық күресілік сабақтағы ойын элементтері оқушылардың ынтасын тудырып, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін үйрету барысында ойынның алатын орны ерекше. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындар пайдаланып отыру оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат — ойын арқылы тілдік материалды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесуге жетелеу.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалдың оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жақсы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені кішкентайлар жас ерекшелігіне байланысты ойына өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам өрі қызылып орындайтын болады. Ойын — балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудың басты құралы. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамыды. Ал мұғалімнің міндеті — балалардың ойына қызығушылығын, ынтамен қатысуын қамтамасыз ету.

Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталған. Тұлғаны дамытаудағы маңызы, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен байланысы кең қарастырылуда. Ойын технологиясы әлі де білім беру саласында инновация саналады. Педагогикалық технология ұжымы педагогикалық процесте

әдістер мен тәсілдердің көп көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсат қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізгі салыңған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады.

Тіпті үлгерімі нашар оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырманы асқан қызығушылықпен, белсенді орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын тугызатын ойының бірі — дидактикалық ойындар. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабақта деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында өткізілімді әдіс-тәсілді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдайын тұтыза отырып, өткізілімді зерттеу, таныту, көрсету, ойын сюжетін құрастырады. Бастауыш сыныптардың тіл сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалқытырмай сабақты қызықты өткізуге тырысуы қажет. Ойын оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, өткен тақырыпты да меңгеруге өсер етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы, екіншіден, балалардың сабақта деген қызығушылығын, белсенділігін арттыруға себепкер.

Өзіміздің сыныбымызда тақырыпқа жақын ойындарды қолданып жүрміз. Нәтижесінде оқу сапасы жақсарып, оқушылардың тіл байлығы артқанын байқадым. Ойлау қабілеті дамып, оқушылардың сабақта ынтасы артты. Ойында өз деңгейінде ұйымдастыру мұғалімінің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне тікелей байланысты.

Перизат БЕЙСЕНОВА,  
Ғ.Ақтаев атындағы  
№6 мектеп-гимназияның  
бастауыш сынып мұғалімі,  
Ақтөбе қаласы.

Жоба

«МЕМЛЕКЕТТІК ОРМАН ҚОРЫ ҮЧАСКЕЛЕРІНДЕ ОРМАН ПАЙДАЛАНУ ТӨЛЕМАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМELERІ ТУРАЛЫ» ОБЛЫСТЫҚ МӘСАЛХАТТЫҢ 2009 ЖЫЛҒЫ 21 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №236 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:  
1. «Мемлекеттік орман қоры үчаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелері туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №236 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №3226) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:  
көрсетілген шешімнің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 14-бабының 2) тармағына, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 630-бабының 1) тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Аудалық шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі №383 «Мемлекеттік орман қоры үчаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеудің әдістемелік нұсқаларын бекіту туралы» бұйрығы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіміне № 17560 болып тіркелген) сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ».  
2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні  
Жоба

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ ЖАСЫЛ ЕКПЕЛЕРІН ЖАСАУ, КҮТІП-БАЛТАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ОБЛЫСТЫҚ МӘСАЛХАТТЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 29 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ №57 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:  
1. «Ақтөбе облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-балтау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №57 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:  
көрсетілген шешіммен бекітілген Ақтөбе облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-балтау және қорғау қағидаларында:  
Ақтөбе облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-балтау және қорғау қағидаларының 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні  
Облыстық мәслихаттың шешіміне 2025 жылғы № шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-балтау және қорғау қағидаларына 2-қосымша Нысан

Жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісі

Table with columns for date, area, and status of green plantings. Includes a table for 'Жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісі' and a table for 'Жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісінің нәтижесі'.

Осы акт \_\_\_\_\_ денімен жасылды. Есептілігі: Зерттеп-қарау актісі жасыл екпелерді жасау немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат болып табылмайды. Және немесе заңды тұлғаның өкілі \_\_\_\_\_ қолы (Т.А.Ө.)

Мәдениет

Өңірдің мәдениет саласында қызмет етіп жүрген 200-ге жуық қызметкер өткен жылды табысты аяқтады. Осыған орай Халық шығармашылығы үйінде «Жыл қорытындысы — даму бағдары» атты семинар өтті.

Семинарда жетістіктер мен кемшіліктер талданып, 2026 жылға жаңа мақсат белгіленді. Мәдениет үйлері мен клубтар мәдени іс-шараларды ұйымдастыруда белсенділік танытып, ауыл тұрғындарын өнерге тартып отыр. Алайда кейбір елді мекендерде кадр тапшылығы мен материалдық база өткіздігі байқалды. Дегенмен мәдени іс-шараға келуші көрсетіміз саны артып, халықаралық, республикалық және аймақтық байқауларға қатысушылар көбейген.

Аудан орталықтары мен ауылдарда жаңа жобалар мен мәдени іс-шаралар өз көрсетімін тапты. Мәселен, Байғанин ауданында тұрғындар жылғы мен тазы ұстайтын шеберлердің өнерін тамашаласа, «Жа-Рамазан» жыр байқауы жас өрендерді ауыз әдебиетімен таныстырды. Шалқар ауданында «Қымыз-Ғөген» байқауы қымыз дайындау дәстүрін насихатта-



ӨТКЕН ЖЫЛ ТАБЫСТЫ ТҮЙІНДЕЛДІ

Д. Мұғалжар, Қобда, Шалқар аудандарында республикалық, аймақтық байқаулар өткізіліп, жаңа таланттар танытылды. Қобдадағы «Қарлығаш» би ансамблі Батуми қаласында өткен «Golden Fleeces» халықаралық байқауында бас жүлдеге ие болса, Мөртке ауданының «Pro Dance» ансамблі Турияда бірінші және екінші орынға қол жеткізді.

Мәдениеті мен медиасуатты дамыту жолдарын көрсетті. А.Өздісадықова жастармен жұмыс, кәсіби бағдар және мәдени кадр даярлау мәселелерін қозғап, мамырда өтетін «Жас мамандар» жәрмеңкесіне шақырды. «Алақай» қыршақ театры актерлары ауылдық клубтарда балалар үйірмелерін арттырудағы қыршақ театрының ролін таныстырса, «Шұғыла» мәдени орталығының меңгерушісі С.Оғар көпшілік алдында сөйлеу

мен жаңа креатив жобаларын бөлісті. Семинар қорытындысында мәдениет қызметкерлері тәжірибе алмасатын кездесулердің кәсіби дамудағы маңызын атап, босақта осындай іс-шараларды тұрақты өткізу жөнінде ұсыныс айтты.

А.ӨБДІКӨРІМҚЫЗЫ, облыстық халық шығармашылығы орталығының бөлім меңгерушісі.

«ТетисАралГаз» ЖШС

келесі тақырып бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды:

«Ақтөбе облысындағы «Аққұлқа» кен орнында жаңа газ ұңғымаларын жайластыру» жұмыс жобасын түзету (№4 кеңейту) арналған (Құрылыс жұмыстары) Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), 2026-2029 жылдарға «ТетисАралГаз» ЖШС-ның газ өндіру объектілері үшін ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтері жобасын түзету, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың жоспары.  
Учаскенің географиялық координаттары: 46°02'43"с.е., 58°08'04"ш.б.; 45°58'20"с.е., 58°13'49"ш.б.; 46°01'02"с.е., 58°02'23"ш.б. Өсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°11'11.39"с.е., 58°42'13.53"ш.б.; 45°58'43.93"с.е., 58°21'40"ш.б. Қоғамдық тыңдау Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Бозой а.о., Бозой ауылы, «ТетисАралГаз» ЖШС кеңсесі, Аққұлқа көш., 17 мекенжайы бойынша өтеді.  
Қоғамдық тыңдау Zoom платформасы арқылы бейнеконференцбайланыс форматында, қоғамдық тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өтетін болады: <https://us04web.zoom.us/j/79668350249?pwd=xhBmJdEF7jgVWhnllcLWwBuMaHcd01>  
Конференция идентификаторы: 796 6835 0249 Қатынау коды: 2FDgw5  
Өтетін күні: 7 сәуір 2026 ж. Уақыты 10.00 сағат.  
Бастамашының деректері: «ТетисАралГаз» ЖШС, Бөгенбай батыр к-сі, 2, 11-қабат. Ақтөбе қ., 030000, Тел: +7 (7132) 41 66 20 БСН 980140001102, эл.пошта tethys@tpl.kz  
Орындаушылардың деректері: «ТетисАралГаз» ЖШС, Бөгенбай батыр к-сі, 2, 11-қабат. Ақтөбе қ., 030000, Тел: +7 (7132) 41 66 20 БСН 980140001102, эл.пошта tethys@tpl.kz  
«Optimum Project» ЖШС, ИП «Рысалинов Д.С.», Ақтөбе қ., 11 мкр., д. 112Г, н.п. 36Б, тел: +7 (7132) 711265, БСН 000 440 008 980, электронды мекенжай op.kz@mail.ru.  
Жобалық құжаттама пакетімен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында, сондай-ақ сілтеме бойынша ЖАО сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>. Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты электронды мекенжай бойынша алуға болады: tethys@tpl.kz, тел: +7 (7132) 41 66 20. Барлық ескерту мен ұсыныстар <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында, сондай-ақ ЖАО электронды мекенжайында: expert\_oos@mail.ru қабылданады.

«КУЛ-БАС» ЖШС

келесі тақырып бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды: Сыртқы электрмен жабдықтау жүйесі бар Кул-Бас кен орнының газ өндіретін электр станциясы жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау басқармасын түзету, «Кул-Бас кен орнындағы қабат қысымын ұстап тұру жүйесі» (Құрылыс жұмыстары) жұмыс жобасына арналған Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), «Ақтөбе облысындағы Қызыл ой кен орнындағы газ құбырына қосылу нүктесіне дейін Кул-Бас кен орнынан тауарлық газ құбырын салу» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ), «Кул-Бас кен орны объектілері үшін 2026 жылға арналған ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың жоспары.

Учаскенің географиялық координаттары: 46°14'24.62"с.е., 57°43'42.01"ш.б.; 46°13'41.78"с.е., 57°45'59.23"ш.б.; 46°12'48.58"с.е., 57°45'59.23"ш.б. Өсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°14'38.01"с.е., 57°42'59.14"ш.б.; 46°13'13.4"с.е., 57°46'37.24"ш.б.; 46°12'6.77"с.е., 57°46'3.4"ш.б.  
Қоғамдық тыңдау Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Бозой а.о., Бозой ауылы, «Кул-БАС» ЖШС кеңсесі, Аққұлқа көш., 17 мекенжайы бойынша өтеді.  
Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/77984899352?pwd=nnCwdLxbakOgTO6f7BmPC20SZpajC1>  
Конференция идентификаторы: 779 8489 9352 Қатынау коды: 5SwGTS  
Өтетін күні: 7 сәуір 2026ж. Уақыты 10.30-да  
Бастамашының деректері: «Кул-БАС» ЖШС, Ақтөбе қ., Бөгенбай батыр к-сі, 2, 11-қабат, тел: +7 (7132) 41 66 20, БСН 011040001557, эл.пошта tethys@tpl.kz.  
Орындаушылардың деректері мен деректемелері: «Проектный институт «ОПТИМУМ» ЖШС, Ақтау қ., 3 мкр., №23 ғимараты, а/ж 350, тел 8 (7292) 544050, эл.пошта optimum@opt.kz, «Optimum Project» ЖШС, «Рысалинов Д.С.» ЖК, Ақтөбе қ., 11 мкр., 112Г, 36Б кеңсесі, тел. 8(7132) 711265, эл. пошта op.kz@mail.ru, «Кул-БАС» ЖШС, Ақтөбе қ., Бөгенбай батыр к-сі, 2, 11-қабат, тел: +7 (7132)416620, БСН 011040001557, эл.пошта tethys@tpl.kz.  
Жобалық құжаттама пакетімен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында, сондай-ақ сілтеме бойынша ЖАО сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>. Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты электронды мекенжай бойынша алуға болады: tethys@tpl.kz, тел: +7 (7132) 41 66 20. Барлық ескерту мен ұсыныстар <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында, сондай-ақ ЖАО электронды мекенжайында: expert\_oos@mail.ru қабылданады.

«КУЛ-БАС» ЖШС

келесі тақырып бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды: Сыртқы электрмен жабдықтау жүйесі бар Кул-Бас кен орнының газ өндіретін электр станциясы жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау басқармасын түзету, «Кул-Бас кен орнындағы қабат қысымын ұстап тұру жүйесі» (Құрылыс жұмыстары) жұмыс жобасына арналған Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), «Ақтөбе облысындағы Қызыл ой кен орнындағы газ құбырына қосылу нүктесіне дейін Кул-Бас кен орнынан тауарлық газ құбырын салу» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ), «Кул-Бас кен орны объектілері үшін 2026 жылға арналған ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың жоспары.

Учаскенің географиялық координаттары: 46°14'24.62"с.е., 57°43'42.01"ш.б.; 46°13'41.78"с.е., 57°45'59.23"ш.б.; 46°12'48.58"с.е., 57°45'59.23"ш.б. Өсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°14'38.01"с.е., 57°42'59.14"ш.б.; 46°13'13.4"с.е., 57°46'37.24"ш.б.; 46°12'6.77"с.е., 57°46'3.4"ш.б.  
Қоғамдық тыңдау Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жаңақол а.о., Оймауыт ауылы, Әкімдік ғимарат. Достық к., 22 мекенжайы бойынша өтеді.  
Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/75462583745?pwd=oGHbFwxSOFglq9NO9bhTOTmZa66Jtr.1>  
Конференция идентификаторы: 754 6258 3745 Қатынау коды: 1wpcBU  
Өтетін күні: 7 сәуір 2026ж. Уақыты 15.00-де  
Бастамашының деректері: «Кул-БАС» ЖШС, Бөгенбай батыр к-сі, 2, 11-қабат. Ақтөбе қ., 030000, Тел: +7 (7132) 41 66 20 БСН 011040001557, эл.пошта tethys@tpl.kz.  
Орындаушылардың деректері: «Проектный институт «ОПТИМУМ» ЖШС, Ақтау қ., 3 мкр., №23 ғимараты, а/ж 350, тел. 8 (7292)544050, эл.пошта optimum@opt.kz, «Optimum Project» ЖШС, «Рысалинов Д.С.» ЖК, Ақтөбе қ., 11 мкр., 112Г, 36Б кеңсесі, тел.: 8(7132) 711265, эл. пошта: op.kz@mail.ru, «Кул-БАС» ЖШС, Ақтөбе қ., Бөгенбай батыр к-сі, 2, 11-қабат, тел: +7 (7132)416620, БСН 011040001557, эл.пошта tethys@tpl.kz.  
Жобалық құжаттама пакетімен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында, сондай-ақ сілтеме бойынша ЖАО сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>. Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты электронды мекенжай бойынша алуға болады: tethys@tpl.kz, тел: +7(7132)416620. Барлық ескерту мен ұсыныстар <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында, сондай-ақ ЖАО электронды мекенжайында: expert\_oos@mail.ru қабылданады.